Университеттің 55 жылдығына арналған «**Сәкен тағылымы -8»** атты Республикалық ғылыми – теориялық конференция **материалдары // Материалы** Республиканской конференции «**Сейфуллинские чтения – 8**», посвященной 55-летию университета. – 2012. – Т.1 (преподаватели и магистранты). – Б. 93

ЖАСЫЛ КОНВЕЙЕР ЖҮЙЕСІНДЕ СЕБІЛГЕН БІРЖЫЛДЫҚ МАЛ АЗЫҚТЫҚ ДАҚЫЛДАРЫҢ ТАНАПТЫҚ ӨҢГІШТІГІ

Хурметбек О.

Қазақстанның өндіріс үшін бәсекеге қабілетті мал шаруашылығы өнімдерін шығаруға және ол өнімдермен ішкі нарықты толықтай қамтамассыз ету мүмкіндігі бар, сонымен қатар экспортқа да шығара алады. Осыған байланысты маңызды бір мәселе – барлық жылы кезеңде қажетті жасыл азық көлемінің үздіксіз түсіп тұруын қамтамасыз ету, яғни мүмкіндігінше нақты топырақ – климат жағдайында жануарларды жасыл жем – азықпен азықтандыру кезеңін барынша ұзарту болып табылады.

2011 жылы Ақмола облысы Аршалы ауданындағы «Постников» ШҚ эксперименталды учаскесінде егістік және өндірістік тәжірибелер 12 га жер аумағында жүргізілді.

Көпжылдық шөптер бірінші жылы шаруашылық маңызы бар өнім қалыптастырмайды, сондықтан олар жасыл конвейер жүйесіне пайдалану үшін келесі жылы қосылады, ал малдарды шілде айының бірінші онкүндігінен бастап қазан айының басына дейінгі кезеңде азықпен қамтамасыз ету үшін мамыр айының бірінші онкүндігінен бастап, шілде айының бірінші онкүндігіне дейінгі аралықта, әр түрлі себу мерзімдерінде біржылдық дақылдар (рапс - Юбилейная, арпа –Арна, сұлы – Синельниковский 14, жүгері -Тургай 5/84, судан шөбі –Тугай) себілді, дақылдарды себу мерзімдерінің арасы 10 тәулік, ал шабу жұмыстарын себілгеннен 60-65 тәулік өткен соң жүргізу жоспарланды.

2011 зерттеу жылында жасыл конвейер жүйесіндегі біржылдық дақылдардың ішінде тұқымдардың танаптық өнгіштігінің ең жоғарғы көрсеткіші мамыр айының бірінші және екінші онкүндіктерінде себілген сұлы дақылында байқалды, яғни мамыр айының бірінші онкүндігінде себілген сұлыда – 64 %, ал мамыр айының екінші онкүндігінде себілген сұлыда – 63,4 %, мамыр айының үшінші онкүндігінде себілген арпа дақылында – 33,9 %, судан шөбінде себу мерзімдеріне байланысты 36 % (мамыр айының екінші онкүндігі) - 56,4 % (мамыр айының үшінші онкүндігі).

Жасыл конвейер жүйесіндегі жүгерінің себу мерзімі екі мерзімге белгіленді – мамыр айының үшінші және маусым айының бірінші онкүндіктеріне, тұқымдарының танаптық өнгіштігі 67,0–74,0 % болды.

Маусым айының екінші онкүндігінде себілген сұлы+рапс дақылдарының тұқымдарының танаптық өнгіштігі - 56 % болды, сонымен қатар шілде айының екінші онкүндігінде себілген сұлы+рапс дақылдарының танаптық өнгіштігі – 63 %-ды құраса, осы мерзімде себілген арпа+рапс дақылдарының қоспасында – 64 % құрады.